

ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Досмағанбет Ғайни Мұратқызы
dosmaganbet.gayni@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультетінің 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Б. Муратханова

Қылмыстықты зерттеу кезінде ерлер мен әйелдердің қылмыстылықтары ажыратылады. Әйелдер қылмыстылығының криминологиялық сипаттамаларының ерекшеліктері көбінесе әйелдердің іс-әрекетінің ерекшелігімен, олардың өмір салтымен, оның қоғамдағы әлеуметтік ұстанымдары мен рөлдерімен анықталады. Әйелдер қылмыстылығы жалпы қылмыстылықтың ішкі жүйесі ретінде қарастырылады. Жалпы әйелдердің қылмыстық мінез-құлқы жеткілікті меңгерілмеген.

Әйелдер қылмыстылығы ерлердің қылмыстылығына қарағанда өзінің сипатымен және салдарымен, қылмыс жасау тәсілдерімен және құралдарымен, құрбанды таңдау түрімен және отбасылық-тұрмыстық мәнжайлар жағдайымен ерекшеленеді. Сонымен қатар әйелдер жасаған қылмыстылықта сезімге берілу, ойланбай істеу жағы басым болады.

Қазақстандағы барлық қылмыстардың 12% әйелдер жасайды. Жалпы, қылмыстың әлемдік статистикасында әйелдер ерлерге қарағанда әлдеқайда аз қылмыс жасайды.

Статистикаға сүйенсек, белгілі бір елдегі әйелдердің әлеуметтік белсенділігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олар жасаған қылмыстың пайызы да өседі. Ислам әлемі елдерінде әйелдер жасаған қылмыстар саны Батысқа қарағанда әлдеқайда аз. Мұның себебі, ислам әлемінің заңдары бойынша әйел ер адамның ықпалында болады, бұл оның әлеуметтік өмірдегі маңыздылығына әсер етеді.

Жалпы әйелдер сенімге кіру арқылы жасалатын қылмыстарды жасайды. Себебі, ер адамдарға қарағанда әйелдер өзіне көбірек сенім ұялатады. Өйткені, әйелдер арасында маниякалды-жыныстық зорлық-зомбылықтың қылмыстары өте аз кездеседі.

Әйелдер арасында жиі кездесетін қылмыстар: ұрлық - (45%), есірткі заттарын не психотроптық заттарды заңсыз даярлау, иелену, сақтау, тасымалдау не сату (9%), алаяқтық (3,5%). Әйелдер адам өлтіру қылмыстарын аз жасайды. Мысалы, қылмыс жасағаны үшін сотталған әйелдердің 100% -ның тек 14-18% -ы ғана адам өлтіргені үшін сотталғандар.

Әйелдер үшін типтік қылмыс – жаңа туған баласын анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бабы), басқа кісі өлтіру түрлеріне қарағанда, бұл қылмыс ауылды жерлерде көп тараған. Әдетте, мұндай іс әрекетті отбасы жоқ орта жастағы әйелдер жасайды.

Әйелдердің қылмыс жасауына бірнеше факторлар әсер етеді. Олар мыналар:

- 1) әлеуметтік бақылаудың болмауы;
- 2) жұмысшылар арасында тәрбиелік жұмыстардың жүргізілмеуі;
- 3) адамдардың белгілі бір кәсібі маманы болмауы;
- 4) адамдар арасындағы қастастық;
- 5) өмір сүрудің қиындауы;
- 6) нашақорлыққа салыну және т.б.

Әйелдердің қылмыстылығының тағы бір психологиялық факторы ретінде, олардың сезімталдығын алсақ болады. Яғни, әйелдер ерлерге қарағанда эмоционалды болып келеді. Сонымен қатар оларға бала тәрбиелеу, оларды өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз ету

міндеттері жүктелген. Осындай жаман эмоциялардың жинақталуынан кейде отбасылық жанжалдар, жақындарына бағытталған зорлық-зомбылық түрінде көрінеді.

Пенсильвания Университетінің ғалымдары қылмыскерлердің психологиясы туралы зерттеп және қылмыскерлерді алғаш рет гендерлік салыстыруды жүргізді. Басқаша айтқанда, олар ерлер мен әйел қылмыскерлердің арасындағы айырмашылықтарды тапты.

Зерттеушілер 1856 жылдан 2009 жылға дейінгі американдық бұқаралық ақпарат құралдарының деректерін талдады. Жалпы алғанда, 110 қылмыскер сериялық өлтірушілер туралы ақпарат жинады (55 ер адам және 55 әйел адам). Сонымен қатар, "сериялық өлтіруші" терминінің ең алғаш анықтамасын енгізді. Яғни, кем дегенде бір апта көлемінде қасақана үш немесе оданда көп адам өлтірген адам сериялық өлтіруші болып табылады. Деректерді талдау көрсеткендей, әйелдердің адам өлтіруі, ерлерге қарағанда өте қатты ерекшеленеді.

Біріншіден, адам өлтірген әйелдердің көпшілігі жоғары немесе орта әлеуметтік топтардан шыққан және жоғары білімі бар екендігі анықталды. Ер қылмыскерлердің көпшілігі білім алмаған және төменгі сыныптардан шыққан.

Екіншіден, адам өлтіру әдістері де өзгешеленді. Әйелдердің жартысына жуығы адамды уландыру арқылы өлтірсе, ал ер адамдар көбінесе атып өлтірген. Бірақ ең қызығы, әйелдер құрбандарының шамамен 90%-ын білсе, ал ер адамдар құрбандарының 85%-ын танымаған.

Сондай-ақ, ерлердің 65,4%-ы және әйелдердің тек 3,6%-ы ғана өз құрбандарын алдынала аңдатыны белгілі болған.

Осы зерттеудің жетекшісі психолог Марисса Харрисонның (Marissa Harrison) айтуынша, әйелдердің қылмысына үнемі ер адамдардың қатысы болған, ал ер адамдардың қылмысына көп жағдайда әйелдердің қатысы жоқ.

Бұл анықталған айырмашылықтарды өте ежелгі мінез-құлық ерекшеліктерімен және рөлдерімен түсіндіруге болады. Мысалы, алғашқы қоғам кезінде, ер адамдар аң аулаумен, ал әйелдер терімшілікпен айналысқан.

Мыңдаған жылдар өтсе де, адамдарда сол қасиеттер сақталағанын көруге болады. Ер адамдар өз құрбандарын аңдып, оларды кездейсоқ таңдайды (мысалы, белгілі бір жалпы белгілері бойынша). Ал, әйелдер құрбандарын өз ортасынан "жинайды" және көбінесе өз пайдасы үшін қылмыс жасайды.

Сонымен қатар, ғылыми топ тағы бір қызықты ерекшелікті тапты. Бұқаралық ақпарат құралдарың хабарламаларын талдай отырып, ғалымдар қылмыскерлердің қандай лақап аттар алатындығында айырмашылық бар екенін байқады. Әйелдер көбінесе өзінің жынысын көрсететін, өзінің кереметтігін көрсететін лақап аттарға ие болған. Мысалы:

Анджело Ричард – «ангел смерти».

Баторий Элизабет – «кровавая графиня».

Карлтон Гэри – «душитель чулком».

Хайренс Уильям – «убийца с губной помадой».

Ал ер адамдарға көбінесе олардың қатыгездігін көрсететін лақап аттар беріледі. Мысалы:

Нельсон Эрл Леонард – «горилла-убийца».

Полен Тьерри – «монстр Монмартра».

Риз Мелвин – «сексуальный зверь».

Хаарманн Фриц – «Ганноверский мясник».

Холмс Г. Г. – «доктор пыток».

Чикатило Андрей – «бешеный зверь».

Сонымен қатар, сот психиатры және криминалист Чезаре Ломброзо әйелдер қылмыстылығын зерттеп, әйелдердің үш объектіге - махаббатқа, жезөкшелікке және қылмысқа деген көзқарасын қарастыра отырып, бұл нәрселер әйелдер үшін өмір бойы олардың мінез - құлқын анықтайтын негізгі инстинкт деген қорытындыға келеді. Ол алғаш рет қылмыскер әйелдердің әртүрлі түрлерін анықтады, атап айтқанда:

- a) туа біткен қылмыскерлер;
- b) кездейсоқ қылмыскерлер;
- c) құмарлық бойынша қылмыскерлер;

d) суицид.

Бұл типология бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады, өйткені қылмыскерлердің белгілі бір топтарға бөлінуі әйелдердің моральдық-психологиялық қасиеттеріне негізделген.

Қазіргі заманғы ғалымдар қылмыскер әйелдерді бірнеше типтерге бөледі. Олар:

1. «Мазохисттік тип». Бұл типтегі әйелдер аффект жағдайында адам өлтіреді. Қылмыс жасау әдісі алдын-ала ойластырылмайды.

2. «Ашық дұшпандық зорлық-зомбылық типі». Мұндай әйелдер агрессивті, күшті эмоционалды, бұрын зорлық-зомбылық қылмыстарын жасағандар. Бұл топтың өкілдері төмен интеллектімен, алкогольді үнемі қолданумен және осы факторлардың әсерінен адам өлтіреді.

3. «Жасырын дұшпандық зорлық-зомбылық типі». Бұл әйелдер өте қатігез қылмыстармен сипатталады. Көбінесе-балаларды өлтіру. Олардың агрессиясы ашуланудың, кектенудің нәтижесінде көрінеді.

4. «Адекватсыз тип». Мұндай қылмыскерлер де төмен интеллектімен ерекшеленеді, әдетте олар бір адамның бұйрығымен әрекет етеді.

5. «Психотикалық тип». Бұл топтың өкілдерінде әртүрлі психиатриялық диагноздар бар, мысалы, шизофрения, психопатия және т.б. Адам өлтіруді олар психопатиялық жағдай кезінде жасайды.

6. «Аморальді тип». Бұл әйелдер алдын-ала ойланып, адам өлтіруді жоспарлайды. Алайда, бұл әйелдер ақыл-ойдың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Олар өздерінің қылмыстарын қалай жасау керектігі туралы алдын-ала ойланып, оқиғаға қатысы бар айғақтарды жасыруға тырысады.

Қорытындылай келе, әйелдердің қылмыстылығы Қазақстанда ғана емес, жалпы әлем бойынша қарқынды өсуі байқалады. Сол себепті, әйелдердің қылмыстылығы және оның алдын-алу шаралары ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Әйелдер қылмыстылығын алдын алушының негізгі бағыттары:

1) әйелдер қылмыстылығын алдын алу шараларын қамтамасыз етуге лайық қылмыстық құқықтық саясатты қалыптастыру;

2) әлеуметтік кепілдіктер, ана, балалықты қорғау, материалдық жағдайы төмен әйелдерді, мүгедек, жалғыз басты ана, жетім балаларды, зейнеткерлерді қолдау деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру;

3) әйелдердің білімі, біліктілігін арттыратын, жұмыссыздық деңгейін төмендететін, еңбек нарығында әйелдерді кемсітуге қарсы тұратын мемлекеттік стандарттарды жасақтау;

4) әйелдердің денсаулығын жақсартуға, имандылығы, рухани байлығы, инабаттылығы деңгейін жоғарлататын, құқықтық мәдениетін және заңды бұзушыларға қарсы қоғамдық жағымды пікірді қалыптастыратын шараларды жасақтап енгізу керек;

5) қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер, қайырымлық қорлардың күшімен әйелдерді әлеуметтендіру жүйесінің жұмысын жетілдіру қажет.

Жалпы, ересек әйел қылмыскерлердің 75%-ы алғашқы қылмысын кәмелетке толмаған жаста жасаған. Сондықтан әйелдер қылмыстылығын азайту үшін ең алдымен кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын жою қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Чезаре Л. Женщина преступница или проститутка. 2012.
2. Алауханов Е., Каирова Н. Преступное насилие в отношении женщин - Алматы, 2008 г.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.